

3-сурет – Экспонат мұражайы формасы

Сонымен, мәліметтер қорын құру барсында студенттердің ақпараттық құзыреттілігі қалыптасады және өзінің іздену қабілеттері артады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хомененко А.Д., Цыганков В.М., Мальцев М.Г. «База данных». – СПб: КОРОНА, 2002.

2. Харитоновна И.А., Михеева В.Д. MicrosoftAccess 2000. – СПб.: БХВ – Санкт-Петербург, 2000. – 654с.

«РУТНОН ОРТАСЫНДА БАҒДАРЛАМАЛАУ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛЫН ЖАСАУ

Авторлар: Құралбай Ұ.Е., «Информатика» мамандығының 4 курс студенті,

Айтбенова А.А., п.б.б.м., аға оқытушысы

Ғылыми жетекшісі: Айтбенова А.А., п.б.б.м., аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Қазіргі кездегі қарқынды жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті [1].

Елімізде ЖОО-да білім беру саласында компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз етуді жетілдіру және ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді дамытуға арналған көптеген жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ, келешекте материалдық-техникалық қамтамасыздандыру жұмыстары интернет желісін қолданудың сапалы жолдарын жетілдіру, пән дәрісханалары мен зертханаларды компьютерлендіру, мультимедиалық кабинеттер түрінде жабдықталған электрондық оқу залдарын құруға негізделген.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Электрондық оқу құралымен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау және ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану білім алаушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Электрондық оқулық, жаңа бейнедегі оқу құралы тәрізді ашық жүйе болып табылады, яғни оқулықтың құрылымы мен мазмұнына өзгеріс енгізуге мүмкіндік беретін жүйе [2].

Берілген мақалада компьютерлік ғылымға деген қызығушылық танытатын және ақпараттық технологиялар бағытында мектепте қосымша білім алушысы келетін білім алушылар үшін информатика пәні бойынша «Python ортасында бағдарламалау» бойынша электрондық оқу құралын жасау қарастырылады. Ол Python құрылымдық программалаудың (бағдарлама цикл және функциялары тармақталған деректер, операциялар, айнымалы) негізгі ұғымдары туралы түсінік береді, бағдарламалау бойынша кіріспе курс болып табылады.

Python-ді таңдау – бұл бағдарламаны меңгеру үшін жаңадан бастағандар үшін басқа тілдерге қарағанда бірқатар артықшылықтары бар: кодтың анықтығы, іске асыру жылдамдығы. Python – соңғы уақытта танымал болған бағдарламалау тілі. Ол түрлі тапсырмаларды шешу үшін қолайлы және басқа бағдарламалау тілдері сияқты мүмкіндіктерді ұсынады: динамизм, ООР және кросс-платформа үшін қолдау.

Python-бір мезгілде қарапайым және қуатты объектілі-бағытталған бағдарламалау тілі болып табылады. Ол жоғары деңгейдегі деректер құрылымын қамтамасыз ететін, талғампаздық синтаксисі бар және динамикалық теруді пайдаланады, ол түрлі қосымшалар арқылы бірнеше платформаларында жұмыс істеу үшін арналған тамаша тіл. Python – бүкіл әлем бойынша түрлі мақсаттар -деректер базасын және сөз өңдеу үшін кең таралған әмбебап тіл, ойындарға интерпретатор қосудың және де GUI-ді бағдарламалау және жылдам прототип құру (RAD) үшін арналған тіл. Сонымен қатар Python – Internet және Web қосымшаларын бағдарламалау үшін пайдаланылады. Python бай стандартты кітапханадан, және модульдердің бай жиынтығынан тұрады. Python мен қосымшалар ең танымал және үлкен фирмалар пайдаланып жазылған, мысалға алып қарайтын болсақ: IBM, Yahoo, Google.com, Hewlett Packard, Infoseek, НАСА, Red Hat, CBS MarketWatch, Microsoft.

Python ықшам және оқылатын бағдарламаларды жазуға мүмкіндік береді. Python бағдарламасында оқып үйрену барысында білім алушылар алгоритмизация негіздерін тереңдетіп үйренеді, олар алгоритмдік мәдениетке қосылады, бағдарламашы мамандығының негіздерін үйренеді.

«Python ортасында бағдарламалау» бойынша электрондық оқу құралы теориялық және практикалық сабақтар материалдарын, презентацияларды, тестілік тапсырмаларды, өзіндік тапсырмаларды, бейнесабақтарды, әдебиеттер тізімін және автор туралы мәліметтерді қамтиды.



Сурет 1 – ЭОҚ бастапқы беті

Қорыта айтқанда, жаңа ақпараттық технологияларды білім беру жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы, негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылады. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалу керек.

Кез келген сабақта электрондық оқу құралын пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуге жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Н. Чаплыгин. Учимся программировать вместе с Питоном. Учебник. – Ревизия. – 135 с.
2. Марк Лутц. Программирование на Python / Пер. с англ. – 4-е издание.
3. Хахаев И.А. Практикум по алгоритмизации и программированию на Python: / И.А. Хахаев – М.: Альт Линукс, 2010. – 126 с.

ЛЕНТАЛЫ – ТЕГІСТЕУ БІЛДЕККЕ АРНАЛҒАН ШЕКСІЗ ТЕГІСТЕУ ЛЕНТАНЫ ӨЗДІГІМЕН ЖАСАУҒА АРНАЛҒАНҰСЫНЫСТАР

Авторы: Нурғали Н., «Қәсіптік оқыту» мамандығы бойынша 4 курс студентті;

Ғылыми жетекшісі: Жигитов А.Б., психология және педагогика магистрі, аға оқытушы

Костанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Заманауи Қазақстанның өнеркәсібі және экономикасы үлкен өзгерістердің шапшаңдығымен сиппаталанады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында 2018 жылғы 10